



## "Респубикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамының арнайы құқық субъектісі көрсететін қызметтермен технологиялық түрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 1 шілдедегі № 229/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33036 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Респубикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамының арнайы құқық субъектісі көрсететін қызметтермен технологиялық түрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің  
міндеттін аткарушы

M. Олжабеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің міндеттін атқарушы  
2023 жылғы 1 шілдедегі  
№ 229/НҚ бұйрығымен  
бекітілген

**"Респубикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамының арнағы құқық  
субъектісі көрсететін қызметтермен технологиялық түргыдан байланысты қызмет  
түрлерінің тізбесі**

1. "Респубикалық ғарыштық байланыс орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құрылымдық бөлімшелерінің: ғарыш аппараттарының ұшуын басқарудың және байланыс мониторингі жүйесінің жерусті кешені (Аққөл қ.) және ғарыш аппараттарын басқарудың резервтік жерусті кешені (Алматы облысы) базасында жерсеріктік желілерді құру және телекоммуникациялық қызметтерді ұйымдастыру үшін технологиялық инфрақұрылымды ұсыну, оның ішінде:

1) жеке және (немесе) занды тұлғалар үшін Қоғамның байланыс пункті (пункттері) мен ғарыш аппараттарының ұшуын басқарудың және байланыс мониторингі жүйесінің жерусті кешені (Аққөл қ.) және (немесе) ғарыш аппараттарын басқарудың резервтік жерусті кешені (Алматы облысы) арасында байланыс арнасын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның деректерді өндеу орталығында жеке және (немесе) занды тұлғаның жабдықтарын пайдалану үшін жағдайларын қамтамасыз етуге арналған телекоммуникация қызметін ұсыну;

3) Қоғамның аппараттық-бағдарламалық құралдары (антенналық жүйелер, қабылдағыш-таратқыш жабдық, сигналдарды өндеу жабдығы және басқа да аппараттық-бағдарламалық құралдары) арқылы ғарыш аппараттарынан жеке және (немесе) занды тұлғаның сигналды (мазмұнын) қабылдау және Қоғамның аппараттық-бағдарламалық құралдары (антенналық жүйелер, қабылдағыш-таратқыш жабдық, сигналдарды өндеу жабдығы және басқа да аппараттық-бағдарламалық құралдары) арқылы ғарыш аппаратына жеке және (немесе) занды тұлғаның сигналды (мазмұнын) беруі бойынша телекоммуникация қызметін көрсету;

4) таратушы ұяшықтарды, трансформаторларға қолжетімділікті, электр беру желілеріне, тарату құрылғыларына, эстакада алаңшаларына, меншікті талшықты-оптикалық байланыс желілеріне қолжетімділікті және технологиялық инфрақұрылымды пайдалана отырып, жабдықтарына (жерусті жерсеріктік байланыс

станцияларына) қызмет көрсетуді қоса алғанда, технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету қызметі.

2. Мемлекеттік органдардың қажеттіліктері үшін өтеусіз негізде ғарыштық байланыс жүйелерінің, оның ішінде ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату жерсеріктерінің және ғарыш аппараттарын басқарудың жерүсті кешендерінің техникалық тапсырмалары мен техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК